

## **Авиациялық қауіпсіздік бойынша инспекциялық тексерудің үлгі бағдарламасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 3 қарашадағы № 588 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 5 қарашада № 21597 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 22 сәуірдегі № 436 қбп қаулысымен бекітілген Авиациялық қауіпсіздіктің сақталуы сапасына бақылау жүргізу қағидаларының 9-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Авиациялық қауіпсіздік бойынша инспекциялық тексерудің үлгі бағдарламасы бекітілсін.

2. "Авиациялық қауіпсіздікті инспекциялық тексерудің үлгі бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 29 қыркүйектегі № 438 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 6568 болып тіркелген, 2010 жылғы 9 қарашадағы № 461- 468 (26311) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Индустрія және инфрақұрылымдық даму

Міністрінің міндетін атқарушы

К. Ускенбаев

Қазақстан Республикасы

Индустрія және

инфрақұрылымдық

даму Министрінің

міндетін атқарушының

2020 жылғы 3 қарашасы

№ 588 бұйрығымен

бекітілген

## **Авиациялық қауіпсіздікті бойынша инспекциялық тексерудің үлгі бағдарламасы**

**Ескеरту.** Бағдарламаға өзгеріс енгізілді - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 15.02.2023 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.06.2025 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.

| P/c №                 | Бағдарлама бойынша позиция нөмірлері және тексерілетін элементтер  | Сәйкестікті бағалау (+/-) | Сәйкесіздік позициясы нөмірі |
|-----------------------|--|---------------------------|------------------------------|
| <b>Әуежайлар үшін</b> |  |                           |                              |
| 1.                    | <b>Әуежайлар үшін авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастыру мыналады қамтиды:</b>  |                           |                              |
| 1)                    | авиациялық қауіпсіздік қызметінің бекітілген ұйымдастырушылық құрылымы мен штат кестесі;   |                           |                              |
| 2)                    | АҚҚ туралы ережені;  |                           |                              |
| 3)                    | АА саласындағы уәкілетті ұйыммен, АҚ бойынша ведомствоаралық әуежай комиссиясымен келісілген және әуежайдың бірінші басшысы бекіткен АҚ бағдарламасын; |                           |                              |
| 4)                    | АА саласындағы уәкілетті ұйыммен келісілген және әуежайдың бірінші басшысы бекіткен АҚ бойынша даярлау және қайта даярлау бағдарламасын;               |                           |                              |
| 5)                    | оның техникалық, өндірістік және қаржылық қамтамасыз етілуін;  |                           |                              |
| 6)                    | АҚҚ-ның әуежай қызметтерімен және Қазақстан Республикасының басқада органдарымен өзара іс-қимыл жасау технологиясы;                                    |                           |                              |
|                       |  |                           |                              |

|     |  |  |  |
|-----|--|--|--|
| 7)  | авиациялық қауіпсіздік қызметінің қызмет аясы (орындалатын міндеттері);  |  |  |
| 8)  | авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін әуежай басшылығы кұрамының тізімі;  |  |  |
| 9)  | ТЖ туындаған кезде ТЖ реттеу бойынша іс-кимылдар жоспарына сәйкес шешім қабылдайтын лауазымды тұлғаны тағайындау бойынша өкімдік құжаттың;   |  |  |
| 10) | авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен тікелей байланысты АҚҚ персоналы лауазымдарының, мамандықтарының және мамандандырылудардың бекітілген тізбесі;  |  |  |
| 11) | АҚҚ мамандарының лауазымдық нұсқаулықтары;   |  |  |
| 12) | авиациялық қауіпсіздіктің әр түріне (бағытына) қатысты аттестаттауға және (немесе) сертификаттауға жататын АҚҚ мамандары санаттары;  |  |  |
| 13) | АҚҚ бөлімшелерінің сертификатталған (дербес жұмысқа рұқсаты бар) мамандармен жинақталуы;   |  |  |
| 14) | АҚҚ персоналын АҚ шараларын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа жіберу тәртібі (оқыту, тағылымдамадан өту, жұмыс орнында оқыту, куәліктерді, рұқсат қағаздарын және (немесе) сертификаттарды ресімдеу); |  |  |
|     | азаматтық авиацияның оку орындарында (шарттар немесе бір жолғы өтінім негізінде)   |  |  |

|     |  |  |  |
|-----|--|--|--|
|     | нemесе меншікті оқу базасында оқытуды көздейтін АҚҚ персоналын дайындауды үйымдастыру және қамтамасыз етуін (дайындау, қайта оқыту және біліктілігін арттыру жоспарларының болуы және орындалуы);                          |  |  |
| 16) | даярлау бағдарламалары (сабактары) мазмұнының және оқу базасы (белгіленген талаптарға сәйкес сыныптардың техникалық жабдықталуы) сәйкестігі;   |  |  |
| 17) | АҚҚ орналастыру және АҚ бойынша технологиялық рәсімдерді жүзеге асыруға арналған өндірістік ғимараттар мен үй-жайлардың болуы және оларды күтіп ұстау (техникалық құралдармен, байланыс құралдарымен, автокөлікпен);       |  |  |
| 18) | кару-жаракты, оқ-дәріні және арнайы құралдарды сақтауға арналған арнайы үй-жайдың болуы;   |  |  |
| 19  | карудың, оқ-дәрілердің және АҚҚ арнайы құралдарының болуын, жай-күйін және козгалысын есепке алу мен есептілік жүргізу. Осы есепке алуды жүргізу үшін жауапты тұлғаларды тағайындау;                                       |  |  |
| 20) | әуежайдың басшылық құрамы мен АҚҚ персоналының қызметтік үй-жайлармен (кабинеттермен, талдау бөлмелерімен) және тұрмыстық мақсатта қолданылатын үй-жайлармен (демалу және тамақ ішу бөлмелерімен, киім шешетін орындармен, |  |  |

|       |   |  |  |
|-------|---|--|--|
|       | арнайы киімдерді құрғататын бөлмелермен) қамтамасыз етілуі;   |  |  |
| 21)   | АҚ қамтамасыз ету жөніндегі басшылық, нормативтік және ақпараттық құжаттамамен қамтамасыз етілу;  |  |  |
| 22)   | құжаттаманы есепке алу, пайдалану және сақтау, келіп түскен өзгерістер мен толықтыруларды енгізу және оларды орындаушыларға жеткізу ;   |  |  |
| 23)   | Әуежайдың бөлімшелері персоналның АҚ қамтамасыз ету жөніндегі басшылық, нормативтік және ақпараттық құжаттаманы зерделеу тәртібі;   |  |  |
| 24)   | АҚ қамтамасыз ету жөніндегі басшылық құжаттардың толықтығы мен сапасы;  |  |  |
| 25)   | жолаушыларға (оның ішінде транзиттік және трансферлік жолаушыларды), ӘК экипаждарының мүшелеріне, авиаперсоналға, кол жүргіне, багажға, жүкке, поштага, борттық қорларға және әуежай керек-жараптарын жете тексеру жүргізу технологиясын; |  |  |
| 25-1) | жолаушылар мен жолауши болып табылмайтын адамдар өздерінде немесе олар алып жүретін заттарда алып жүретін жарылғыш заттарды және/немесе жарылғыш құрылғыларды анықтауга қабілетті тиісті жете тексеру әдістерін қолдану ;                 |  |  |

|     |   |  |  |
|-----|---|--|--|
| 26) | өткізу және объектішлік режим жөніндегі нұсқаулықты;  |  |  |
| 27) | АҚ бойынша қабылданған шаралардың орындалуын бақылау жүйесін, тұрақты ішкі тексерулерді жүргізуін;  |  |  |
| 28) | қауіпсіздік шараларының орындалуына бақылау жүргізу кезеңділігі;  |  |  |
| 29) | АҚ қамтамасыз ету бойынша өткізілетін іс-шаралардың жеткіліктілігі мен тиімділігін талдау және бағалау жүргізу;   |  |  |
| 30) | болуы мүмкін заңсыз араласу актілерінен қорғау мақсатында азаматтық авиация объектілерінің (орындарының) осалдығын анықтау бойынша әрекет;  |  |  |
| 31) | АҚ бойынша бекітілген құжаттарды түзету;  |  |  |
| 32) | жүргізілетін бақылауды есепке алу бойынша құжаттаманың жүргізу, осындай бақылауды жүргізу және есепке алу үшін тұлғаларды тагайындау;   |  |  |
| 33) | АҚ бойынша хабарлау және байланыс жүйесі;   |  |  |
| 34) | АҚ бойынша сенімділік (сынау) және әзірленген тексеру жоспарлары;   |  |  |
| 35) | АҚ жөніндегі есепке алу мен есептіліктің жай-күйі ;   |  |  |
| 36) | тиісті мемлекеттік басқару органдарына белгіленген есептілік пен заңсыз араласу актілері, авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде анықталған кемшіліктер туралы ақпаратты, сондай-ақ АҚ |  |  |

|     |  |  |  |
|-----|--|--|--|
|     | жай-күйінің мәселелері бойынша басқа да ақпаратты ұсыну тәртібін және уақтылығын сақтау;   |  |  |
| 37) | АҚҚ сертификатталған жабдықпен қамтамасыз етілуі;  |  |  |
| 38) | нысанды киімді бақылауды қамтамасыз ету (корғау шаралары, беру және алу тәртібі).  |  |  |
| 39) | аса маңызды ақпараттық жүйelerді және онымен байланысты технологиялар мен деректерді қорғау, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар;  |  |  |
| 40) | Авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша реконструкцияланатын және/немесе жаңа терминалдың (терминалдардың) жоспарларын АҚ бойынша әуежай комиссиясының қарауын және АА саласындағы уәкілетті ұйыммен келісуін жүзеге асыру; |  |  |
| 41) | әуежайдың бақыланатын аймақтарға, кіру шектелген күзетіletін аймақтарға кіру кезінде ілесіп жүрмеуге болатын рұқсаты бар персоналда АҚ бойынша тиісті оқытудың болуы;  |  |  |
| 42) | тәуекелді азайту және заңсыз араласудың ықтимал актілерінің алдын алу мақсатында бақыланбайтын аймақтағы қауіпсіздік шаралары;   |  |  |
| 2.  | <b>Авиакәсіпорынның ғимараттары мен жердегі құралдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мыналарды қамтиды:</b>   |  |  |
|     | әуежай аумағын (бақыланатын аймақтарды ) және авиатехниканы,   |  |  |

|      |   |  |  |
|------|---|--|--|
|      | баянтағыш және глиссадалық радиомаяктардың жұмыс секторларының аймақтарын, ӘҚҚ объектілерін, әуейлақтың радио және жарықтехникалық жабдықтарын, ЖЖМ қоймалары мен коммерциялық қоймаларды қоса алғанда, онда орналасқан объектілердің күзетілуін ұйымдастыру және қамтамасыз ету;   |  |  |
| 2)   | шектеулі кіру аймақтары (бақыланатын аймақтар) мен олардың шекараларын, соның ішінде әуежай объектілері аумағының шегінен тыс шекараларды белгілеу;   |  |  |
| 2-1) | тасымалданатын зениттік-зымырандық кешендерді (ТЗЗК) және әуежайда немесе оған тікелей жақын әуе кемелеріне ұксас қауіп төндіретін басқа да қаруды пайдалана отырып, ӘК шабуыл жасау ықтималдығын төмендететін жерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары немесе пайдалану рәсімдерін енгізу.<br>Тәуекелдерді бағалау негізінде жүргізіледі. |  |  |
| 3)   | объектілердің орналасуы мен бақыланатын аймақтары (шектеулі кіру аймағы) шекаралары көрсетілген әуежай аумағы сыйбасының болуы;   |  |  |
| 4)   | бақыланатын аймақтарды күзетудің жай-күйі (коршаулардың бар болуы, жүйесі мен жай-күйі, жарықтандыру),  |  |  |

|     |  |  |  |
|-----|--|--|--|
|     | аймақтарды күзету үшін жауапкершілікті бөлу;   |  |  |
| 5)  | әуежайдың периметрі бойынша және оның аумағында орналасқан азаматтық авиация объектілері қоршауының, күзет мұнараларының, жарықтандырудың, қалқаншаның, күзетілетін жолдың ескерту аншлагтарының және қоршау бойы қауіпсіздік жолактарының жай-куйі; |  |  |
| 6)  | жылжымалы патрульдер және патрульдеу кезеңділігі;  |  |  |
| 7)  | ЖЖМ обьектілерінде және коммерциялық қоймаларда қосымша қоршаулар;   |  |  |
| 8)  | ӘК тұрақ орындарын, бөлек орналасқан обьектілер мен бақылау-өткізу пункттерінің аумақтарын с ы р т қ ы жарықтандырумен жабдықтау;  |  |  |
| 9)  | күзет, бақылау, сигнал беру және байланыстың техникалық құралдарының жай-куйі;   |  |  |
| 10) | бақыланатын аймақтарға адамдар мен тасымалданатын заттармен бірге көлік құралдарының кіруін жете тексеру рәсімі және бақылаудың жай-куйі;  |  |  |
| 11) | БӨП жай-куйі, олардың қақпалармен, шлагбаумдармен, алаңшалармен және қызмет көрсету персоналы мен автокөлікті тексеру үшін техникалық құралдармен жабдықталуы;   |  |  |
|     | рұқсатнамаларды қолдану жүйесін пайдалану,   |  |  |

|       |   |  |  |
|-------|---|--|--|
|       |   |  |  |
| 12)   | рұқсаттамаларды беруді және рұқсатнамалық режимнің талаптарын орындауды жүзеге асыратын уәкілетті бөлімшениң болуы;   |  |  |
| 13)   | қосалқы БӨП және олардың жабдықталуы;   |  |  |
| 14)   | рұқсатнамалық мен объектішілік режимді жүзеге асыру;  |  |  |
| 15)   | бақыланатын аймақтарға адамдардың кіруін бақылау рәсімі, әуежай аумағына персоналдың, бөгде үйымдардан келушілердің, көліктің кіруі мен өтуінің белгіленген тәртібі (рұқсатнамалардың әр алуан түрлерін беру, пайдалану және алып кою тәртібі); |  |  |
| 16)   | әуежайдың бақыланатын аймақтарында адамдар мен көлік құралдарының болуы мен жүруін бақылауды үйымдастыру және қамтамасыз ету;   |  |  |
| 17)   | барлық кілттерді және құлыштарды тіркеу жүйесін;  |  |  |
| 18)   | әуежайдың шектеулі рұқсат етілген аймагына ілесусіз кіре алатын барлық персоналдың және АҚ бойынша құпия акпаратқа рұқсаты бар тұлғалардың сауалнамалық деректеріне тексеру жүргізу;  |  |  |
| 18-1) | бастапқы және мерзімді арнайы тексеру жүргізу үшін персоналдың сауалнамалық деректерін жолдауға, сондай-ак осындай тексерулердің нәтижелерін бақылауды жүзеге асыруға жауапты адамды тағайындау;  |  |  |
|       |   |  |  |

|     |   |  |  |
|-----|---|--|--|
| 19) | жете тексеру пункттерін "өлі" аймақтар қалдырмай түсіретін бейнебақылау камераларымен жабдықтау.  |  |  |
| 20) | арнайы дайындалған және сертификатталған иттерді қолданатын арнайы жете тексеру рәсімдері;  |  |  |
| 3.  | <b>Өле кемелерінің (ӘК) қауіпсіздігін қамтамасыз ету мыналарды қамтиды:</b>   |  |  |
| 1)  | ӘК жерде күзетуді ұйымдастыру және жай-күйі;  |  |  |
| 2)  | ӘК күзетін қамтамасыз ету сызбасы;  |  |  |
| 3)  | әк күзет бекеттерінің жай-күйі;   |  |  |
| 4)  | ӘК қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жаупкершілік;  |  |  |
| 5)  | ӘК техникалық қызмет көрсетуге және күзетуге қабылдау-тапсыру тәртібін ұйымдастыру және сақтау (ӘК күзетуге қабылдау-тапсыру журналын жүргізу);                           |  |  |
| 6)  | ӘК аралық әуежайларда техникалық және коммерциялық қызмет көрсету кезінде, оларда авиациялық қауіпсіздік шараларының сақталуын бақылауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету; |  |  |
| 7)  | ӘК тұрақ орындарын жарықтандырудың жай-күйі;  |  |  |
| 8)  | ӘК кол жеткізуді бақылауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету;   |  |  |
| 9)  | ӘК-не қызмет көрсетуге рұқсаты бар авиаперсоналда рұқсат етілген аймақтар мен жұмыс ауысымдары көрсетілген рұқсатнамалардың болуы ;                                       |  |  |

|     |   |  |  |
|-----|---|--|--|
| 10) | ӘК үшү алдында тексеру жүргіздің үйимдастырылуы және жай-күйі;  |  |  |
| 11  | ӘК үшін арнайы тұрақ орындарын жарактандыру және бар болуы;   |  |  |
| 12) | ӘК арнайы тексеру орындары тізбесі;   |  |  |
| 13) | пайдаланылатын ӘК үлгілерінің технологиялық карталары мен тексеру сызбалары;  |  |  |
| 14) | ӘК тексеру топтарын күрү туралы бүйрық.   |  |  |
| 15) | ӘК-ге рұқсат етілмеген кіруді болғызбау мақсатында, кіру шектелген күзетілетін аймақтарда әуе кемесіне және одан адамдар мен көлік құралдарының қозғалысын қадағалау; |  |  |
| 4.  | <b>Жолаушылар мен қол жүгін, ӘК экипаж мүшелері мен авиаперсоналды үшү алдында тексеруді үйимдастыру мыналарды қамтиды:</b>   |  |  |
| 1)  | жолаушыларды бақылау аймақтары мен тексеру пункттерінің жай-күйі;   |  |  |
| 2)  | тексеру пункттерінің жабдықталуы мен орналасуының белгіленген талаптарға сәйкестігі;  |  |  |
| 3)  | жеке тексеруге арналған кабиналардың (үй-жайлардың) жарақталуы;   |  |  |
| 4)  | тексеру пункттерінің техникалық тексеру құралдарымен жарақталуы;  |  |  |
| 5)  | техникалық тексеру құралдарының жай-күйі және сертификаттық талаптарға сәйкестігі, тексеру жабдығы туралы егжей-төгжейлі деректер;                                    |  |  |
|     | техникалық тексеру құралдарына қызмет   |  |  |

|     |  |  |  |
|-----|--|--|--|
| 6)  | көрсетуді және жөндеуді ұйымдастыру;   |  |  |
| 7)  | тексеру топтарының оқытылған мамандармен жинақталуы;   |  |  |
| 8)  | кәсіби дайындығы мен сертификаттарының болуы;  |  |  |
| 9)  | топ мамандарының қолданылатын техникалық тексеру құралдарының негізгі сипаттамалары мен пайдалану ережелерін білуі;  |  |  |
| 10) | тексеру топтары мамандарының қызметтік нұсқаулықтары;  |  |  |
| 11) | жете тексеру бөлімшесі персоналын алмастыру тәртібін ұйымдастыру және сақтау;  |  |  |
| 12) | рентгендік жабдықтың немесе қолмен тексерудің көмегімен белгілі бір адамның заттарын тексеру барысында табылған тасымалдауға тыйым салынған заттармен жұмыс істеу тәртібін қамтамасыз ететін рәсімдер;                 |  |  |
| 13) | металл іздегіштің сигналдары түскен немесе жолаушыда немесе оның заттарында тасымалдауға тыйым салынған нәрселер мен заттар, оның ішінде алынған заттар табылған кездегі іс-кимыл тәртібін қамтамасыз ететін рәсімдер; |  |  |
| 14) | жете тексеру пункттерінде жолаушыларға ӘК-де тасымалдауға тыйым салынған қауіпті заттар мен бұйымдар тізбесінің болуы;   |  |  |
|     | тасымалдауға тыйым салынған қауіпті  |  |  |

|     |   |  |  |
|-----|---|--|--|
| 15) | нәрселермен және заттармен жұмыс істеу және ЖЗ табу үшін техникалық құрылғылар мен қызметтік иттерді қолдану, пайдалану тәртібі;  |  |  |
| 16) | алынған нәрселер мен заттарды көдеге жарату тәртібі;  |  |  |
| 17) | металл іздегішті пайдаланумен қатар жолаушыларды жеке таңдап қолмен жете тексеруді ұйымдастыру;   |  |  |
| 18) | жете тексерілетін жолаушымен бір жынысты қызметкердің қолмен жете тексеруін ұйымдастыру;  |  |  |
| 19) | кол жүгімен бағажды кемінде 10%-ға физикалық жолмен жете тексеру немесе тиісті балама шараларды қолдану;  |  |  |
| 20) | электр энергиясы өшірілген немесе жете тексеруге арналған жабдық бұзылған жағдайда АҚҚ персоналының іс-кимылы жөніндегі, әуежайдың бірінші басшысы бекіткен нұсқаулықтың болуы және сақталуы; |  |  |
| 21) | мүмкіндігі шектеулі жандарды және ілесіп жүретін тұлғаларды жете тексеру бойынша қойылатын талаптар;  |  |  |
| 22) | қарулы күзетті тексеруге катысты уағдаластық рәсімдері;   |  |  |
| 23) | жете тексеруден босатылған кез-келген тұлғаларға катысты тізімдер мен нұсқаулар;  |  |  |
|     | тексеруден өтпеген жолаушылармен араласып кеткен немесе   |  |  |

|     |   |  |  |
|-----|---|--|--|
|     |   |  |  |
| 24) | байланыста болған жағдайда жолаушыларды және олардың қол жүгін ӘК-не отырғызу алдында кайта тексеруді ұйымдастыру және сақтау;  |  |  |
| 25) | ұшу уақытында жолаушылардан алынған қаруды, оқ-дәрілерді және арнайы құралдарды ӘК бортында тасымалдау тәртібін ұйымдастыру және сақтау жөніндегі нұсқаулықтың болуы және сақталуы; |  |  |
| 26) | қауіпті нәрселер мен заттарды тапқан жағдайдағы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулар;   |  |  |
| 27) | жолаушыларды және қол жүгін жете тексеруді жүргізудің бекітілген технологияға сәйкестігі;   |  |  |
| 28) | арнайы тексеру рәсімдері (қолмен және таңдал тексеру, тексеруден өтуден бас тарту, жеке түрде тексеру);   |  |  |
| 29) | транзитпен (трансфермен) жүретін жолаушыларды және олардың қол жүгін жете тексеру;  |  |  |
| 30) | жете тексеру тәртібі туралы жолаушыларға арналған ақпараттың жай-күйі;  |  |  |
| 31) | ресми тұлғалар мен делегацияларға арналған залдардың жай-күйі және техникалық тексеру құралдарымен жаракталуы;  |  |  |
| 32) | жекелеген жолаушылар санаттарына қатысты қабылданатын шарапар (хабарлама туралы талаптар, қауіпсіздікті қамтамасыз ету шарапары мен рәсімдері);                                     |  |  |
|     |   |  |  |

|       |  |  |  |
|-------|--|--|--|
| 33)   | жоғары лауазымды тұлғаларды және дипломаттарды жете тексеру бойынша рәсімдер;  |  |  |
| 34)   | үкіметтік куръерлерді және дипломатиялық вализдерді жете тексеру бойынша рәсімдер;   |  |  |
| 35)   | VIP және ресми делегациялар залдары арқылы өтетін тұлғаларды жете тексеру бойынша рәсімдер;  |  |  |
| 36)   | ӘК бортындағы қауіпсіздік қызметтің қызметкерлерін жете тексеру бойынша рәсімдер;  |  |  |
| 37)   | мүгедектігі бар адамдарды (ерекше қажеттіліктері бар адамдарды) жете тексеру бойынша рәсімі;   |  |  |
| 38)   | күзетудегі немесе әкімшілік бақылаудағы жолаушыларды (жер аударылған тұлғалар, айдаудағы тұтқындар) жете тексеру бойынша рәсімдер;   |  |  |
| 39)   | тексерілген жолаушылар үшін тазартылған аймақтардың (сондай-ақ транзиттік залдардың) жай-күйі;   |  |  |
| 39-1) | транзиттік жолаушылардың қол жүгін рұқсат етілмеген араласудан қорғау және транзит өуежайының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің тұтастырын қолдау үшін транзиттік ұшуларға қатысты шаралар; |  |  |
| 40)   | жолаушыларды ӘК бортына жеткізіп салу және ілесіп жүру тәртібі;  |  |  |
|       | жете тексеруден өткен және отпеген адамдардың  |  |  |

|       |  |  |  |
|-------|--|--|--|
| 41)   | және олардың кол жүгінің араласып кетуін болдырмау;  |  |  |
| 42)   | ӘК әкипаждарының мүшелері мен әуежайдың , авиакәсіпорынның және пайдаланушының авиаперсоналын тексеруді ұйымдастыру және жай-куйі;   |  |  |
| 43)   | ӘК әкипаждарының мүшелері мен авиаперсоналды тексеру технологиясын сақтау;   |  |  |
| 44)   | тексеру нәтижелері бойынша есепке алу мен есептіліктің жай-куйі. Пошта жөнелтілімдерін және борт тамагын (борт қорларын) жете тексеру карталарының, жүктің немесе поштаның қауіпсіздігі декларациясының болуы; |  |  |
| 45)   | ӘК бортында ұшу кезінде жолаушылардан алғынған каруды, оқ-дәрілерді және арнайы құралдарды тасымалдау тәртібін ұйымдастыру және сақтау;  |  |  |
| 45-1) | құқық қорғау органдары қызметкерлерінің және қызметтік міндеттерін атқару кезінде басқа да уәкілетті адамдардың әуе кемесінің бортында қару алып жүруіне байланысты рәсімдерді сақтауы;                        |  |  |
| 46)   | қару мен оқ-дәрілерді әкипажға тапсыру технологиясы;   |  |  |
| 47)   | қару мен оқ-дәрілерді қабылдауға және беруге арналған үй-жайлар;   |  |  |
| 48)   | ӘК бортына қару мен оқ-дәрілерді жеткізу шарттары;   |  |  |
|       |  |  |  |

|      |   |  |  |
|------|---|--|--|
| 49)  | ӘК жолаушы салонында қару мен оқ-дәрілерді алып ұшу;  |  |  |
| 50)  | ӘК қол жетпейтін жерлерінде сақталатын қаруды алып ұшу;   |  |  |
| 5.   | <b>Өуежайлар үшән багажды, жүкті, поштаны және борттық қорларды ұшу алдында тексеруді үйымдастыру төмендегілерді қамтиды:</b> |  |  |
| 1)   | багаждың, жүктің, поштаның және борттық қорлардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді үйымдастыру және оның жай-күйі;              |  |  |
| 2)   | багажды қабылдау және күзету;   |  |  |
| 3)   | багажды жете тексеру рәсімдері;   |  |  |
| 4)   | багаждың жолаушыларға тиістілігін анықтау;  |  |  |
| 4-1) | иесі табылмаған багаж және күмәнді бұйымдармен жұмыс істеу рәсімдерді белгілеу;   |  |  |
| 5)   | тіркелген багажды жете тексеру;   |  |  |
| 6)   | тіркелген трансферртік багажды жете тексеру;  |  |  |
| 7)   | дұрыс өндөлмеген багажды сактау;  |  |  |
| 8)   | багаждың ӘК-не тасымалдануын бақылау;   |  |  |
| 9)   | жүкті, поштаны (бандерольдер, курьерлік жөнелтімдер), тауарларды және борттық қорларды тексеру рәсімдері;                     |  |  |
| 10)  | қауіпсіздік мақсатында бақылау шаралары шарттары;   |  |  |
| 11)  | қауіптілігі жоғары кезеңдегі бақылау шаралары;  |  |  |
| 12)  | борт тағамын және борт корын қауіпсіздік мақсатында бақылаудың рәсімдері мен шаралары;  |  |  |
|      |   |  |  |

|     |   |  |  |
|-----|---|--|--|
| 13) | багажды, жүкті, почтаны және борттық қорды тексеру пункттерінің жай-күйі және жарақталуы;   |  |  |
| 14) | багажды, жүкті, почтаны және борттық қорды тексеру технологиясы;  |  |  |
| 15) | АҚҚ-нің авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің техникалық құралдарымен қамтамасыз етілуі;   |  |  |
| 16) | жолаушыларды, кол жүгін, багажды, жүкті, почтаны және борттық қорларды тексерудің, сондай-ақ ӘК екипажының мүшелері мен жердегі персоналды тексерудің арнағы техникалық құралдарын пайдалану; |  |  |
| 17) | пайдаланылатын техникалық тексеру құралдарының түрлері мен үлгілері;  |  |  |
| 18) | қолдану участелері, ЖЗ табу үшін техникалық құрылғылар мен қызыметтік иттерді пайдалану;  |  |  |
| 19) | инженерлік-техникалық күзет құралдарын пайдалану;   |  |  |
| 20) | пайдаланылатын инженерлік-техникалық күзет құралдарының түрлері мен үлгілері;   |  |  |
| 21) | инженерлік-техникалық күзет құралдарын қолдану объектілері;   |  |  |
| 22) | бакылау пункттерінің болуы және жарақталуы; күзет құралдары іске қосылған кезде шаралар қабылдау рәсімдері;   |  |  |
| 23) | авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің техникалық құралдарын пайдалану және   |  |  |

|       |  |  |  |
|-------|--|--|--|
|       | техникалық қызмет көрсету тәртібі;   |  |  |
| 24)   | шектеулі кіру режимінің және жүк бөлігінде тасымалданатын багажды сұрыптау аймақтарына арналған арнайы рұқсаттамалардың қолданылу тәртібі;               |  |  |
| 25)   | ӘК-нің жүк бөлігінде тасымалданатын багаждың тұтастығы бұзылған жағдайда қайта тексеру бойынша жасалатын іс-әрекеттер;                                   |  |  |
| 26)   | багажды, сондай-ақ қонуға шығарда күтіп тұрған багажды, егер бұл багаж тиесілі тұлға қонуға келмесе, алып қою және түсіру рәсімдері;                     |  |  |
| 27)   | жеткізіп салушысы жок жолжук табылған жағдайда жасалатын әрекеттер рәсімдері;  |  |  |
| 28)   | жүк бөлігінде тасымалданатын багаждың ведомосын жасау туралы талап (тиесілігін тексеру және санкциялау);   |  |  |
| 29)   | тексерілген және тексеріlmеген жүкті физикалық жолмен бөлу рәсімдері;  |  |  |
| 29-1) | жүкті және поштаны рұқсатсыз араласудан корғау;  |  |  |
| 29-2) | жоғары тәуекел дәрежелі жүк пен поштаға және олармен байланысты қауіптер деңгейін тиісінше төмендету мақсатындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары; |  |  |
|       | жүк жөнелтілімінің сипатын ескеретін тиісті әдіспен жүкті және поштаны жете тексеру  |  |  |

|     |   |  |  |
|-----|---|--|--|
| 30) | рәсімдері және жүкке<br>және пошта<br>жөнелтілімдеріне тікелей<br>рұқсаты бар персоналды<br>бақылау шаралары;   |  |  |
| 31) | трансферлік жүкке және<br>пошта жөнелтілімдеріне<br>қолданылатын қауіпсіздік<br>мақсатында бақылау<br>шараларына қатысты<br>рәсімдер;   |  |  |
| 32) | борттық тағам жеткізетін<br>ұйымдардың қауіпсіздік<br>жөніндегі қызметкерін<br>тағайындау және даярлау<br>рәсімдері;  |  |  |
| 33) | борттық тағам жеткізетін<br>ұйымдардың өндірістік<br>ҰЙ-жайлардың<br>физикалық қауіпсіздігін<br>және кіруді бақылау<br>рәсімдері;   |  |  |
| 34) | борттық тағам жеткізетін<br>компаниялардың<br>қызметкерлерінің<br>сауалнамалық деректерін<br>тексеру рәсімдері;   |  |  |
| 35) | борттық тағамдарды<br>жеткізетін<br>компаниялардың борттық<br>тағамдарын және<br>борттық корларды<br>қабылдау және өндеу<br>рәсімдері;  |  |  |
| 36) | борт тағамын және<br>борттық корларды<br>тексерудің техникалық<br>құралдарымен не АҚҚ<br>қызметкерінің<br>жеткізілген борт тағамын<br>және борттық корларды<br>колмен (көзбен шолып)<br>тексеріп қарау және<br>пломбалау, одан әрі әуе<br>кемесінің бортына<br>тиегенге дейін<br>қауіпсіздікті қамтамасыз<br>ету рәсімдері; |  |  |
| 37) | борттық тағамды мен<br>борттық корларды<br>тасымалдайтын көлік<br>құралының жүк   |  |  |

|     |  |  |  |
|-----|--|--|--|
|     | бөлімшесін пломбалау рәсімдері;  |  |  |
| 38) | пломбалардың және пломбалардың нөмірлері көрсетілген тиеп-жөнелту жүккүжатының пайдаланылатын немірлерін тіркеу рәсімдері;   |  |  |
| 39) | пайдаланушиның борт тамағы мен буфет-ас үй жабдығының жиынтықтарын ӘК-ге тасымалдау және жеткізу рәсімдері.  |  |  |
| 6.  | <b>Азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу актілеріне байланысты төтенше жағдайларды реттеу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қабылдау төмендегілерді қамтиды:</b>   |  |  |
| 1)  | АҚ жөніндегі әуежай комиссиясының қызмет;  |  |  |
| 2)  | әуежай комиссиясы туралы ережесі;  |  |  |
| 3)  | әуежай комиссиясының құрамы;   |  |  |
| 4)  | әуежай комиссиясының жұмыс жоспары;  |  |  |
| 5)  | азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу актілеріне байланысты төтенше жағдайларды реттеу жөніндегі іс-қимылдардың жоспары ;   |  |  |
| 6)  | ТЖ туындаған кезде персоналдың іс-қимылдар жөніндегі нұсқаулықтардың, үзінділердің және жаднамалары (ӘК басып алуға әрекет жасалған, диверсия және жарылғыш құрылғыларды колдану қаупі болған жағдайларда көзделген іс-қимылдар мен рәсімдер); |  |  |
|     | "Дабыл" операциясын өткізу жоспары және оның жедел топтарды құру ережелерінің, арнайы мемлекеттік  |  |  |

|     |  |  |  |
|-----|--|--|--|
| 7)  | <p>органдардың, ішкі істер, қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың бірлескен бұйрығымен бекітілген және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен және Қазақстан Республикасының басқа да мүдделі мемлекеттік органдарымен келісілген терроризмге қарсы операцияны дайындау және өткізу барысындағы олардың іс-қимылдарының толық тізбесінің қагидаларына сәйкестігі;</p> |  |  |
| 8)  | <p>заңсыз араласу актілеріне ұшыраған ӘК аэронавигациялық қызмет көрсету;</p>  |  |  |
| 9)  | <p>жоғары қауіп кезеңінде немесе аса маңызды рейстер мен бағыттарға катысты, соның ішінде бопсалаушылық актілері және әуежай қызметкерлерінің іс-қимылдарына араласу кезінде қолдануға жататын авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша арнайы шаралар;</p>   |  |  |
| 10) | <p>ТЖ реттеу бойынша жедел штабтың жұмысын қамтамасыз ету үшін командалық пункті (арнайы жабдықталған үй-жайдын);</p>  |  |  |
| 11) | <p>жедел штабтың құрамы мен құрылымдық сызбасы;</p>  |  |  |
| 12) | <p>хабарлау және байланысу тәртібі (схемасы), байланыс қуралдарының болуы, жай-күйі және пайдаланылуы;</p>   |  |  |
| 13) | <p>командалық пункттің қызметті қамтамасыз ету</p>   |  |  |

|  |   |  |  |
|--|---|--|--|
|  | күралдарымен жарақталуы;  |  |  |
| 14)  | жедел штабты іс-қимылға келтірудің белгіленген тәртібі;   |  |  |
| 15)  | ТЖ реттеуге тартылатын күштер мен күралдардың дайындығы;  |  |  |
| 16)  | күш пен күралдарды үйлестіру, сабактар, жаттығулар мен оқу-жаттығуларды өткізу үйымдастыру мен есепке алу;  |  |  |
| 17)  | өзара карым-қатынастағы қызметтермен және үйымдармен (олардың дайындығы мен жаттығуларды өткізу мерзімділігі үшін жауапты орган) авиациялық қауіпсіздік шараларын практикалық жаттықтыру бойынша өткізілетін оқу іс-шаралары. |  |  |
| <b>"Әуе кемелерін пайдаланушылар үшін"</b> |   |  |  |
| 7.   | <b>Әуе кемелерін пайдаланушылар үшін авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді үйымдастыру мыналарды қамтиды:</b>   |  |  |
| 1)   | АҚҚ - нің үйымдастырушылық құрылымын және штат кестесін;  |  |  |
| 2)   | АҚҚ туралы ережені;   |  |  |
| 3)   | АҚ жөніндегі жауапты тұлға;   |  |  |
| 4)   | АА саласындағы уәкілдегі үйыммен келісілген және әуе кемелерін пайдаланушының бірінші басшысы бекіткен АҚ бағдарламасын;  |  |  |
| 5)   | АА саласындағы уәкілдегі үйыммен келісілген және әуе кемелерін пайдаланушылардың бірінші басшысы бекіткен АҚ бойынша  |  |  |

|     |  |  |  |
|-----|--|--|--|
|     | даярлау және қайта даярлау бағдарламасын;  |  |  |
| 6)  | персонал санаттары бойынша АҚ бойынша даярлау және қайта даярлаудан өткені жөніндегі сертификаттардың болуы;   |  |  |
| 7)  | персонал санаттары бойынша АҚ шараларын қамтамасыз ету жұмыстарына рұқсат беру;  |  |  |
| 8)  | АҚ қамтамасыз ету жөніндегі басшының АА үйымдары объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде функцияларды белгілейтін, сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз ету ерекшеліктерін регламенттейтін нұсқаулықты білуі;        |  |  |
| 9)  | АҚ қамтамасыз ету жөніндегі қызметкерлердің АА үйымдары объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде функцияларды белгілейтін, сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз ету ерекшеліктерін регламенттейтін нұсқаулықты білуі; |  |  |
| 10) | дағдарыстық жағдайларда іс-қимылды үйимдастыруға жауапты персонал санаттары бойынша АҚ даярлау және қайта даярлау;   |  |  |
| 11) | АҚ оқыту бойынша нұсқаушы-үйлестіруші;   |  |  |
| 12) | АҚ оқыту жөніндегі нұсқаушы-үйлестірушінің лауазымдық нұсқаулықтары;   |  |  |
|     | Әуе кемелерін пайдалануышының персоналын даярлауды   |  |  |

|     |  |  |
|-----|--|--|
|     |  |  |
| 13) | және қайта даярлауды қамтамасыз ету. Есепке алу және басқа да құжаттаманы жүргізу, АА саласындағы уәкілетті ұйыммен және оку орталықтарымен өзара іс-қимыл жасау;  |  |
| 14) | АҚ сапасын бақылау жөніндегі аудитор;  |  |
| 15) | АҚ сапасын бақылау жөніндегі аудитордың лауазымдық нұсқаулығы;   |  |
| 16) | АҚ бойынша ішкі тексерістің бекітілген бағдарламасы;   |  |
| 17) | аудит жүргізу кезеңдігі, олардың нәтижелері (жоспарлар, актілер, анықтамалар, есеп-кисантар);  |  |
| 18) | АА саласындағы уәкілетті ұйымды ішкі тексерулердің нәтижелері туралы хабардар ету;   |  |
| 19) | Әуежайдың бақыланатын аймағына ілесусіз кіре алатын әуе кемелерін пайдаланушы персоналдың өмірбаяндық (сауалнамалық) деректерін тексеру рәсімдері;   |  |
| 20) | персоналды қайта тексеруді бақылау және жүргізу мерзімділігі;  |  |
| 21) | бақылау және бейнебақылаудың техникалық құралдарын, кару мен оқ-дәрілерді, сондай-ақ АҚ бойынша іс-шараларды жүзеге асыру тәртібін регламенттейтін құжаттаманы орналастыруға және сақтауға арналған қызметтік үй-жайлар. |  |
|     | аса маңызды ақпараттық жүйелерді және онымен   |  |

|     |   |  |  |
|-----|---|--|--|
|     |   |  |  |
| 22) | байланысты технологиялар мен деректерді корғау, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша шаралар;  |  |  |
| 23) | шетелдік әуе кемелерін пайдаланушыларында АА АҚ ұлттық бағдарламасына жауап беретін өзекті қосымша рәсімдердің болуы;   |  |  |
| 8.  | <b>Әуе кемелерін пайдаланушылар үшін авиациялық қауіпсіздік қамтамасыз ету бойынша ӘК-ін жабдықтау мыналарды қамтиды:</b>   |  |  |
| 1)  | пилот кабинасын жолаушылар салонынан оқшаулайтын сенімді жабылатын оқ өтпейтін есіктермен және қалқалармен (әк сипатқұжатына қатысты);  |  |  |
| 2)  | пилот кабинасының есіктеріндегі есік алдындағы кеңістікті шолуға және іргелес жолаушылар салонындағы жағдайды бақылауға арналған қарau құрылғысын (ӘК сипатқұжатына қатысты); |  |  |
| 3)  | экипаждың пилот кабинасы мен бортсеріктер арасындағы арнайы сигнал беру және сөйлесу құрылғыларын (ӘК сипатқұжатына қатысты);   |  |  |
| 4)  | козғалтқыштарды рұқсатсыз іске қосуды, ӘК рульдеуді және ұшып көтерілуді болдырмайтын айдан әкетуге қарсы құрылғыларын (егер олар ӘК сипатқұжатына қатысты көзделсе);         |  |  |
| 5)  | жолаушылардан ұшу кезінде алынған қару мен оқ-дәрілерді сактауға арналған арнайы жабылатын жәшіктерді (ӘК нысаналы мақсатына  |  |  |

|     |   |  |  |
|-----|---|--|--|
|     | және тасымалдау қызметтеріне қатысты);  |  |  |
| 6)  | ӘК қауіпсіздік жүйелерімен жабдықтау;   |  |  |
| 7)  | Пилот кабинасының есіктерін бұғаттау;   |  |  |
| 8)  | бұған рұқсаты жоқ адамдардың ұшу кезінде ұшу экипажының кабинасына кіруіне кедергі келтіретін шаралар;  |  |  |
| 9)  | жасырын сигнал беру жүйесінің болуы және жұмыс қабілеттілігі;   |  |  |
| 10) | қару мен оқ-дәрілерді тасымалдауга арналған орындарды жабдықтау;  |  |  |
| 11) | табылған жарылғыш құрылғыны орналастыру үшін ӘК бортындағы қауіптілігі төмен орындарды белгілеу.  |  |  |
| 9.  | <b>Авиа компаниялар үшін ӘК қауіпсіздігі және күзеті мыналарды қамтиды:</b>   |  |  |
| 1)  | борт журналына немесе ӘК-ге қызмет көрсетуге қабылдау-беру журналына қол қоя отырып, ӘК қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті қабылдау;   |  |  |
| 2)  | қабылдауды жүргізетін экипаж мүшесінде АА авиаперсоналының қолданыстағы қуәлігі мен ұшуға тапсырмасы болған кезде ӘК-ні экипажға беру;  |  |  |
| 3)  | ӘК командирі келгенге дейін ұшуды орындау үшін ӘК қабылдаған экипаж мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ӘК күзету және рұқсатсыз кіруден қорғау жөнінде шаралар қабылдау; |  |  |
| 4)  | қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ӘК күзету және техникалық жұмыстарды жүргізу кезеңінде ИАҚ  |  |  |

|     |  |  |  |
|-----|--|--|--|
|     | өкілінің заңсыз енуінен қорғау бойынша шаралар қабылдау;   |  |  |
| 5)  | қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ӘК күзету және техникалық жұмыстарды жүргізу кезеңінде күзетке алынған ӘК-ні қабылдағаннан әуежай (әуеайлак) АҚҚ өкілінің заңсыз енуінен қорғау бойынша шаралар қабылдау;                            |  |  |
| 6)  | әуежайдың (әуеайлактың) кіру шектелген аймағына өтүге құқық беретін ӘК-ге техникалық қызмет көрсетуге катысадын авиаперсоналда ашық киілетін, сыртқы киімге бекітілген әуежай рұқсаттамасының болуы;                               |  |  |
| 7)  | қызмет көрсету бойынша жұмыстар жүргізілмейтін ӘК кабинасының кіру есіктерін, жук және авариялық люктерін және желкөздерін жабу, мөрлеу, сондай-ақ басқыштар мен сатыны жинау;   |  |  |
| 8)  | ӘК-де айдан әкетуге қарсы арнайы бекіту құрылғыларын орнату (қажет болған жағдайда);   |  |  |
| 9)  | ӘК-ні қараусыз қалдырмау, сондай-ақ оған қызмет көрсетуге катысы жоқ адамдарды жибермеу талабы;  |  |  |
| 10) | ӘК-де жұмыстарды уақытша тоқтату кезінде қозғалтқыштарды іске косуға және ӘК басқаруга, жылжымалы басқышты, баспалдақты, сатыларды алып тастауға мүмкіндік бермейтін қарастырылған құрылғыларды орнату (косу), есіктерді, бөліктер |  |  |

|     |  |  |  |
|-----|--|--|--|
|     | қақпактарын және люктерді жабу;  |  |  |
| 11) | қауіп деңгейіне (төмен, орташа, жоғары) байланысты қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ӘК-ге тексеру жүргізу;  |  |  |
| 12) | жолаушылардың отырғызы жеңіне (галереяға) немесе автокөлікке кірер алдындағы отырғызу бағанасында жолаушылардың (оның ішінде транзиттік) қарап тексеруден өткені туралы отырғызу талондарында белгілердің болуын тексеру;  |  |  |
| 13) | коммерциялық рейстерді орындайтын ӘК қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ӘК ұшу алдында жете тексеру (тексеру) немесе арнайы жете тексеру (тінту);   |  |  |
| 14) | жолаушыларды ӘК бортына отырғызғаннан кейін жолаушы ұшудан бас тартқан немесе әуе кемелерін пайдалануышы ж о л а у ш ы ғ а тасымалдаудан бас тартқаң, сондай-ақ ұшып шығу алдында ӘК бортында бөгде адам табылған жағдайларда қауіпсіздік мақсатында ӘК-ге қайта ұшу алдындағы жете тексеру (тексеру) жүргізу; |  |  |
| 15) | әуе кемелерін пайдалануышы мамандарының, ИАҚ өкілдерінің, экипаж мүшелерінің ұшу алдындағы жете тексеру жүргізу рәсімін;   |  |  |
|     | әуе кемесін ұшу алдында (тексеру) немесе арнайы (тінту) жете тексеру   |  |  |

|       |   |  |  |
|-------|---|--|--|
| 15-1) | басталған сәттен бастап оның жөнелтілгенге дейін әуе кемесін рұксат етілмеген араласудан корғауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар;   |  |  |
| 15-2) | түскен жолаушылармен, сондай-ақ транзиттік рейстердің жолаушыларымен қалдырыған заттарды әуе кемесі бортынан шығарып тастау шаралары;   |  |  |
| 16)   | ӘК-ні ұшуга дайындау бойынша экипаж бер персонал үшін тексеру парақтарының (бакылау тізбесі) болуы және колданылуы;   |  |  |
| 17)   | айдауылданушы адамдарды тасымалдауды үйимдастыру тәртібі;   |  |  |
| 17-1) | әуе кемесінің пайдаланушысы мен командирін (ӘКК) сот немесе әкімшілік талқылауға ұшырауы салдарынан тасымалдануға тиіс жолаушылар туралы ақпаратты тасымалдауға дейін хабардар ету рәсімдері; |  |  |
| 17-2) | әуе кемесі командирін (ӘКК) қарулы адамдардың саны және олардың әуе кемесінде отырған орындары туралы хабардар ету рәсімдері;   |  |  |
| 18)   | тәртіпсіз жолаушыларға қолданылатын шаралар;  |  |  |
| 19)   | қауіпті жүктерді тасымалдау бойынша рәсімдерді орындау (пайдаланушының мақсатына қатысты арнайы ереже, бағдарлама).   |  |  |
|       | тіркелген багажды, борт тағамын (борт қорларын),  |  |  |

|   |  |  |  |
|---|--|--|--|
| 20)   | жүкті және поштаны әуе кемесінде тасымалдауга рұқсат беру бойынша рәсімдері;   |  |  |
| 10.   | Әуе кемелерін пайдаланушылар үшін азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу актілеріне байланысты төтенше жағдайларды реттеу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қабылдау мыналарды қамтиды: |  |  |
| 1)  | Әуе кемелерін пайдаланушының АҚ бойынша ведомствоаралық әуежай комиссиясына қатысуы;   |  |  |
| 2)  | әуежайдың АҚК-мен бірлесіп "Дабыл" терроризмге қарсы операциясын өткізу жоспары бойынша сабактар мен жаттығулар өткізу;  |  |  |
| 3)  | ұшу кезінде жолаушылар мен ӘК екипажы мушелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қабылдау;   |  |  |
| 4)  | ӘК екипажына төтенше жағдайлардағы іс-қимылдар бойынша жадынамалар;  |  |  |
| 5)  | ұшу кезінде ӘК тексеру жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық.   |  |  |
| <b>Аэронавигациялық қызметті жеткіzetіндер үшін</b> |  |  |  |
| 11.   | Аэронавигациялық қызмет көрсетуді жеткізушілер үшін объектілер мен құралдарды қорғау мыналарды қамтиды:  |  |  |
| 1)  | АҚҚ - нің ұйымдастырушылық құрылымын және штат кестесін;   |  |  |
| 2)  | АҚҚ туралы ережені;  |  |  |
| 3)  | АА саласындағы уәкілетті ұйыммен келісілген және аэронавигациялық қызмет жеткізушінің бірінші басшысы бекіткен АҚ бағдарламасын;   |  |  |
|   | АА саласындағы уәкілетті ұйыммен   |  |  |

|      |  |  |  |
|------|--|--|--|
|      | келісілген және аэронавигациялық қызмет жеткізушінің бірінші басшысы бекіткен АҚ бойынша даярлау және қайта даярлау бағдарламасын;   |  |  |
| 5)   | аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші үйымының АҚ бойынша жауапты тұлғасы;  |  |  |
| 6)   | АҚҚ персоналының мамандықтар және мамандануы, лауазымдық нұсқаулықтарының тізбесі;   |  |  |
| 6-1) | персонал санаттары бойынша АҚ бойынша даярлаудан және қайта даярлаудан өткені туралы сертификаттардың болуы ;  |  |  |
| 6-2) | АҚҚ персоналын және аэронавигациялық қызмет көрсетуді жеткізуши объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күзет мекемелерінің қызметкерлерін авиациялық қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа жіберу тәртібі (оқыту, тағылымдаудан өту, жұмыс орнында оқыту, күеліктерді, рұқсат қағаздарын және (немесе) сертификаттарды ресімдеу); |  |  |
| 7)   | АҚҚ мамандарының лауазымдық нұсқаулары;  |  |  |
| 8)   | аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің объектілерін күзетудің арнайы техникалық құралдары;  |  |  |
|      | заңсыз араласу актілері нәтижесінде аэронавигациялық қызмет көрсету объектілерінің жұмыс   |  |  |

|     |   |  |  |
|-----|---|--|--|
| 9)  | кабілетін жогалтуға байланысты резервтерді пайдалануды, балама қызметтерді ауыстыруды немесе ұсынуды көздейтін ТЖ жағдайына арналған іс-шаралар жоспары;        |  |  |
| 10) | аса маңызды ақпараттық жүйелерді және онымен байланысты технологиялар мен деректерді қорғау, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша шаралар; |  |  |

"Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АА – азаматтық авиация;

АҚҚ – авиациялық қауіпсіздік қызметі;

АҚ – авиациялық қауіпсіздік;

ӘҚБ – әуе қозғалысын басқару;

ЖЖМ - жанар-жағармай материалы;

ӘК – әуе кемесі;

БӨП – бақылау-өткізу пункті;

ТЖ – төтенше жағдай;

VIP – залы - аса маңызды тұлғаларға арналған зал;

ЖЗ – жарылғыш заттар;

ӘҚҚ – әуе кемесінің командирі;

ИАҚ – инженерлік-авиациялық қызмет;

Сәйкестік / сәйкессіздік деңгейлері

(1) – авиациялық қауіпсіздікке қауіп төндіретін және одан әрі қызметіне кедергі келтіретін сындарлы сәйкессіздіктер;

(2) – келісілген мерзімде жойылатын немесе шектеулер енгізілетін шарттарда одан әрі қызметіне кедергі болмайтын сәйкессіздіктер;

(3) – одан әрі қызметіне кедергі болмайтын және өндіріс пен сапа жүйесін жетілдіру кезінде жоюға жататын сәйкессіздіктер;

(\*) – осы үйым үшін міндетті емес;

(+) – талаптарға сәйкес келеді.

(НА) – қолданылмайды, шаралар немесе рәсімдер АА үйымында қолданылмайды немесе іске асырылмайды;

(NC) – расталмаған, инспекторлар нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігін анықтай алмаған шаралар немесе рәсімдер (уақыттың болмауы, қарама-қайшы ақпарат немесе өзге де себептер бойынша).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК